



Қарқаралы

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

30 мамыр 2026 жыл Сенбі №21 (12 072)

<https://qarqaralygazeti.kz>

www.facebook.com/qarqaralygazeti/

[qarqaraly_gazeti](https://www.instagram.com/qarqaraly_gazeti)

karkaraly_too@mail.ru

Өнер керуені

«Халық әуені» Қарқаралы жұртшылығына рухани кеш сыйлады



Қарқаралы қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Халық әуені» жобасы аясында ұйымдастырылған концерттік кеш жоғары деңгейде өтті. Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының «Saz&Soul» вокалдық-аспаптық ансамблі ұсынған өнер бағдарламасы аудан тұрғындарына ерекше рухани әсер сыйлады.

Концерт Ж.Жандарбекова атындағы Қарқаралы мәдени-сауық орталығында ұйымдастырылып, ұлттық өнерді сүйетін көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Мәдени жобаға «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы қолдау көрсетіп, концерттік-гастрольдік сапардың жүзеге асуына демеушілік жасады.

«Халық әуені» жобасының басты мақсаты – қазақтың ұлттық музыка өнерін кеңінен насихаттап, өңір тұрғындарын отандық эстрада және дәстүрлі өнердің үздік үлгілерімен таныстыру. Бұл бастама бүгінде еліміздің әр аймағында жалғасын тауып,

ұлттық мәдениетті жаңаша форматта дәріптеуге жол ашып отыр.

Қарқаралы сахнасында халықаралық байқаулардың лауреаттары Ақбөпе Әлібекова, Нұрай Шеру, Сұлтан Ахмет, Ербол Тәжібаев, Қуандық Шалқарұлы сынды өнер майталмандары өнер көрсетті. Өсерлі әндер мен әсем әуендер көрермен көңілінен шығып, кештің сәнін арттырды.

Концерт барысында ұлттық нақыштағы туындылар, халық әндері және заманауи шығармалар орындалып, көрермендерге ерекше

рухани серпіліс сыйлады. Өнерпаздардың кәсіби шеберлігі мен сахна мәдениеті ұлттық өнердің қадір-қасиетін терең сезінуге мүмкіндік берді.

Осындай мәдени жобалар халықтың рухани өмірін байытып, ұлттық мұраға деген құрметті арттыра түсетіні анық. «Халық әуені» жобасы – өнер арқылы ел мәдениетін өркендетіп, ұлттық құндылықтарды ұрпақ санасына сіңіруге бағытталған маңызды рухани бастама.

Баршын ЕРТИСҚЫЗЫ

«Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысымен

Қадірлі жерлестер!

Баршаңызды 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін айшықтайтын, ұлттық рух пен отан-сүйгіштікті ұлықтайтын ерекше мереке. Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Өнұран – халқымыздың тарихын, бірлігі мен болашаққа деген сенімін бейнелейтін қасиетті құндылықтар.

Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің нышаны, Тәуелсіз Қазақстанның айбыны мен абыройын асқақтататын басты белгілер. Оларды құрметтеу – әр азаматтың перзенттік парызы әрі Отанға деген сүйіспеншіліктің көрінісі.

Тәуелсіз еліміздің көк байрағы әрдайым биікте желбіреп, Өнұранымыз әлем төрінде шырақала берсін! Елтаңбамыз ел бірлігі мен берекесінің символы болып, халқымыздың мерейін асыра түссін!

Баршаңызға амандық, отбасыларыңызға бақ-береке, елімізге тыныштық пен тұрақтылық тілейміз! Мемлекеттік рәміздердің мәртебесі асқақтай берсін!

С.МУСИН,
аудан әкімінің м.а.
С.ОСПАНОВ,
аудандық мәслихат
төрағасы

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл – балғын балалықтың шаттығын сездіріп, мейірім мен қуанышқа бөлейтін ерекше мереке. Өйткені балалар – әр отбасының бақыты, елдің ертеңі, жарқын болашағы. Олардың сыңғыр күлкісі мен шаттыққа толы үні – өмірдің мәні мен сәні.

Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру, оларды қамқорлық пен мейірімге бөлеу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Балалардың алаңсыз өсіп, арман-мақсаттарына жетуі үшін қолайлы орта қалыптастыру – қоғам алдындағы маңызды жауапкершілік.

Еліміздің болашағы – жас буынның балалық шағы бақыт пен қуанышқа толы болсын! Әр шаңырақтан балдырғандардың күлкісі кетпей, әр отбасы амандық пен шаттыққа кенеле берсін!

Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, ал бүлдіршіндерге жарқын болашақ тілейміз! Мереке құтты болсын!

С.МУСИН,
аудан әкімінің м.а.
С.ОСПАНОВ,
аудандық мәслихат
төрағасы



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Қарқаралы

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қарқаралы аудандық «Қарқаралы» газетіне екінші жарты жылдыққа жазылу науқаны жүріп жатыр.

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ 87755483523 whatsapp бойынша ресімдеуге болады.

БАСПАСӨЗ – 2026

Индекс	Санаттар	Жазылу бағасы
65626	Жеке жазылушылар үшін	6 ай – 3485.76 тг
55626	Зейнеткерлер үшін	6 ай – 3065.76 тг
15626	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай – 4385.76 тг

Анықтама телефоны: 8-775-548-3523

Өнер

Қарқаралы ауданының мәдени өмірі әрдайым көркемдікке, өнерге толы, елдің рухани болмысын байытатын шараларға толы болып келеді. Өткен аптаның соңында сол рухани қазынаның сақтаушылары – мәдениет және өнер саласының қызметкерлері кәсіби мерекелерімен атап өтілді.

Аудан әкімінің орынбасары Нұржан Ағыбайұлы салтанатты рәсімде мәдениет саласының мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың еңбегін жоғары бағалады. Өңірде мәдениет пен өнердің дамуына қосқан үлестері үшін алғыс білдірген басшы: «Сіздер – халыққа рухани азық беретін, жастарды ұлттық мәдениетке баулитын басты тірексіздер. Саладағы әр жетістік – сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің, шығармашылық шабыттарыңыздың нәтижесі», – деді.

Салтанатты шара барысында мәдениет қызметкерлерінің соңғы уақыттағы табыстары мен жетістіктеріне ерекше тоқталынды. Көрермендерге әр қойылым, әр концерт, әр көрме – осы сала мамандарының қажырлы еңбегі мен шынайы жанын паш ететін көрініс. Мәдениет

Мәдениет қызметкерлері – құрмет төрінде



саласының қызметкерлері өздерінің шығармашылық қабілеттерімен қоғамды рухани тұрғыдан ізгілендіруге үлес қосып келеді.

Құттықтау сөздерінен кейін марапаттау рәсімі өтті. Аудан әкімінің Алғыс хаттары, аудандық мәдениет бөлімінің марапаттары, қаржылай сертификаттар және кәсіподақ

ұйымының құрмет грамоталары саладағы үздік мамандарға табыс етілді. Рәсімде мәдениет саласының түрлі бағыттарында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің есімдері аталып, олардың шығармашылық жолы мен еңбегі жоғары бағаланды.

Шараға қатысқан әрбір маман – мәдениет

пен өнердің дамуына өзіндік үлес қосып келе жатқан жан. Олар ауылдық клубтардан бастап мәдени-сауық орталықтарына дейінгі барлық алаңдарда халыққа рухани азық беріп, ұрпаққа үлгі көрсетіп отыр. Ал бүгінгі марапат – олардың адал еңбегіне деген құрмет пен қоғамның ризашылығының белгісі.

Фотообъективке қарасаңыз, әрбір беттен шаттық пен мақтанш сезіледі. Қарқаралының мәдени өмірінің дамуына өз еңбегін аянбай салып келе жатқан мамандар – әрқашан халық құрметінде. Олар – өнердің жанашырлары, рухани қазынаның сақтаушылары, мәдени дәстүрдің жалғастырушысы.

Мерекелік кештің соңында аудан әкімінің орынбасары мәдениет саласының мамандарына шынайы алғыс айтып, шығармашылық табыс тілеп, болашақта да халықтың рухани мәдениетін байыту жолында жемісті еңбек етуге шақырды.

Бұл шара – тек марапаттау рәсімі емес, мәдениет пен өнерге деген құрметтің, саланың дамуына қосылған еңбектің айқын көрінісі болды. Қарқаралының әр бұрышы, әр сахнасы бүгінгі мәдениет қызметкерлерінің қажырлы еңбегі мен шығармашылық шабытымен сәуленіп, халықтың рухын көтеріп отыр.

«Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысымен

Руханият

Қарқаралы – табиғатының көркемдігімен ғана емес, рухани-мәдени өмірімен де ерекшеленетін қасиетті өңір. Арқаның төрінде орналасқан бұл киелі мекенде өнер мен білімнің, дәстүр мен жаңашылдықтың сабақтастығы үзілген емес. Осындай рухани ордалардың бірі – Қарқаралы қаласының балалар өнер мектебі.

Өткен аптада «Ш.Жандарбекова атындағы Қарқаралы қаласының мәдени-сауық орталығында» мектеп түлектеріне куәлік тапсыру салтанаты мен «Арманға жол ашқан өнер» атты есептік концерт жоғары деңгейде өтті. Бұл кеш – тек оқу жылының қорытындысы ғана емес, жас өнерпаздардың үлкен өмірге қадам басар сәті, ұстаз еңбегінің жемісі мен ата-ана үмітінің ақталған мезеті ретінде есте қалды.

Салтанатты шараның шымылдығы қазақтың рухын көтеретін «Жасдәурен» қазақ халық ұлт аспаптар оркестрінің орындауындағы «Балбырауын» күйімен ашылды. Күмбірлеген күй үні зал ішін кернеп, көрерменді бірден ұлттық рухқа бөлеп, кештің мазмұнын айқындап берді.

Жүргізушілер Айман Нұржанова мен Мирас Жолдыбаев көрермен қауымды жылы лебізбен қарсы алып, кештің мән-маңызына тоқталды. Олар Қарқаралы балалар өнер мектебін – өнер мен тәрбиені тоғыстырған киелі білім ордасы екенін ерекше атап өтті.

Қазіргі таңда мектепте 550-ден астам оқушы қосымша білім алып, түрлі өнер бағыттарында шыңдалуда. Быыл солардың ішінен 74 түлек үлкен өмірге қанат қақты. Бұл жас өнерпаздар тек аудан көлемінде ғана емес, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі байқауларда да биік белестерді бағындырып, Қарқаралының атын асқақтатып келеді.

Салтанатты кеш барысында ұстаздарға ерекше құрмет көрсетілді. Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Нұржан Ағыбайұлы бірқатар педагогтарға Алғыс хаттар табыстап, олардың еңбегін жоғары бағалады.

Бұл сәт – ұстаз еңбегінің тек кәсіби қызмет емес, ұрпақ тәрбиесіндегі өлшеусіз рухани миссия екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Кеш барысында сахна төрінде өнердің сан түрлі бағыттары тоғысты. Вокал, аспаптық орындау және хореография жанрлары бір-бірімен үн-

Өнерге жол ашқан киелі мекен



десіп, көрерменге ерекше рухани әсер сыйлады.

«Қыздар, қыздар» әні, «Жайлауда» туындысы, «Жұмыр қылыш» күйі, сондай-ақ «Ой толғау» қобызшылар ансамблінің орындауы – барлығы ұлттық өнердің биік деңгейін көрсетті.

«Мереке», «Ұйғыр биі», «Сладко-

ешки» сияқты хореографиялық қойылымдар сахнаны жандандырып, жас өнерпаздардың сахна мәдениетін қалыптастырғанын айқын көрсетті. Ал «Мектебім, аяулы мектебім» және «Туған жер» әндері көрермен жүрегіне ерекше жылулық ұялатты.

Кештің ең толқынысты сәттерінің

бірі – түлектерге куәлік табыстау рәсімі болды. Сахнаға аудандық мәслихат төрағасы Саят Оспанов, қоғамдық кеңес төрағасы Сайлау Әлиұлы, ардагер ұстаз Сағынбай Сыздықов, Қарқаралы ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Темірғалиев Нәсіпхан Жақанұлы және қала әкімі Ас-

лан Рахымбергенов көтеріліп, жас түлектерге ақ жол тіледі.

Сахна төріне бірінен соң бірі көтерілген 74 түлек өз еңбегімен, талантымен және табандылығымен ерекшеленді. Өрбір куәлік – жай ғана құжат емес, ұстаз сенімі мен шәкірт еңбегінің символы болды.

Зал толы ата-аналар мен қонақтардың қол шапалағы бұл сәттің маңызын одан әрі арттырды. Көпшіліктің жүзінен қуаныш пен мақтаныш сезімі анық байқалды.

Қобызшылар ансамблінің «Ой толғау» композициясы мен ардагер өнерпаздар дайындаған қойылымдар – ұлттық өнердің терең тамырын айшықтады. Бұл кеш тек есеп беру емес, ұлт руханиятының көркем көрінісіне айналды.

Салтанатты шара соңында ұйымдастырушылар барлық қатысушыларға ризашылық білдіріп, өнер мен білім жолында табыс тіледі.

«Арманға жол ашқан өнер» атты бұл кеш – Қарқаралы балалар өнер мектебінің бір жылдық еңбегінің жарқын қорытындысы ғана емес, жас

дарындардың үлкен өмірге жасаған алғашқы сенімді қадамы болды.

Қарқаралының киелі сахнасында қанат қаққан түлектерге сәт сапар тілейміз. Олардың өнер жолы биік, болашағы жарқын болғай!

Баршын ЕРТИСҚЫЗЫ

Өмір өрнегі

Адам өміріндегі ең асыл қасиеттердің бірі – білімге деген құштарлық. Осындай қасиетті өмірлік ұстанымына айналдырған жандардың бірі – Қасым Аманжолов ауылының тұрғыны, аяулы ана, әже Тұрдыгүл Абдуллаева.

Тұрдыгүл әже 1952 жылы Өзбекстан Республикасы, Бұхара облысында толыққанды отбасында дүниеге келген. Алайда анасы ерте өмірден өткен соң, нағашы әжесі: «Қызымның көзінен қалған тұяқ қой», – деп әкесінен арнайы сұрап алып, өз қамқорлығына алады. Сөйтіп, мейірім мен тәрбиені бойына сіңіріп өседі.

Білімге зерек Тұрдыгүл Қарағанды қаласындағы Жамбыл атындағы қазіргі №7 лицейде білім алып, 1967 жылы 10 сыныпты тәмамдайды. Әсіресе ағылшын тілі пәніне ерекше қызығушылық танытып, оны терең меңгеруге талпынады. Арманы – Ташкент қаласындағы шет тілдері институтына оқуға түсу еді. Алайда тағдырдың жазуымен, оқуға аттанған жолында болашақ жары Омаров Борис Қарсыбекұлы жолығып, алып қашып, Қарқаралы ауданының Талды ауылына келін болып түседі. Отбасылық жағдайға бай-

Білімге деген құштарлық – ғұмырлық серік

ланысты жоғары оқу орнына түсу мүмкіндігі болмағанымен, оның білімге деген ынтасы ешқашан өшкен емес.

Жары Борис Қарсыбекұлы ел ішінде сыйлы, кеңпейіл азамат болған. Өзінің үйір-үйір жылқысы, табын сиыры болып, ауыл шаруашылығын дөңгелеткен еңбекқор жан еді. Қолынан келген көмегін ешкімнен аямаған, ауыл адамдарына үнемі қол ұшын созып, қиын сәтте жанынан табылатын азамат ретінде көптің құрметіне бөленген.

Тұрдыгүл Абдуллаева бүгінде 7 баланы – 3 ұл мен 4 қызды тәрбиелеп өсірген ардақты ана. Қазіргі таңда 14 немере мен 17 шөбере сүйіп отырған бақытты әже. Жастық шағында орындалмай қалған арманы жүрегінің түкпірінде сақталып қалған. Қайда барса да, ең алдымен ағылшын тіліндегі кітаптарды іздеп жүреді екен. Өз бетінше оқып, жазып, білімін үздіксіз жетілдіруді тоқтатпаған.

2022 жылы Алматы қаласындағы Айнабұлақ ықшам ауданында үш айлық ағылшын тілі курсына қатысып, бала күнгі арманын қайта жалғастырған. Қазіргі



таңда Алматы қаласында алты айлық курсқа жазылып, оқуын жалғастырып келеді. «Білім алуға ешқашан кеш емес» деген сөздің шынайы дәлелі – осы 75 жастағы Тұрдыгүл әже. Бүгінде ағылшын тілінде еркін сөйлеп, өзге ұлт өкілдерін де таңғалдырып жүр. Тіпті америкалықтардың өзі ауыл өмірі, фермадағы еңбек, сиыр сауып, бие байлаған тіршілік жайлы әңгімесін қызыға тыңдап, таңданысын жасыра алмаған.

Тұрдыгүл әженің білімге деген сүйіспеншілігінің қалыптасуына үлкен ағасы Абдуллаев Ордабайдың ықпалы зор болған. Ол қай елде жүрсе де қарындасына қамқорлық танытып, үнемі кітап жіберіп, «Оқы, білім ал!» деп жігерлендіріп отырған. Анамыздың білімге деген құштарлығының негізін қалаған да осы ағасы еді.

Өмірдің қандай кезеңі болса да, арманнан бас тартпау – үлкен өрлік. Тұрдыгүл әженің енегелі өмір жолы – кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық тағылым.

Баршын ЕРТИСҚЫЗЫ

2026 жылдың 24 мамырда өткен Қарқаралы ауданы

Темірші ауылдық округінің әкімін сайлау қорытындылары туралы хабарлама

Қала, кент және ауылдық округтердің атауы	Барлық сайлаушылардың саны	Дауыс беруге қатысқан таңдаушылар саны	Әкімдікке кандидаттардың тегі, аты, жөні	Кандидаттарға жақтап берілген дауыс саны	%	«Бәріне қарсымын» бюллетендер саны	Жарамсыз бюллетендер саны	Сайлау қорытындысы бойынша сайланған ауылдық округ әкімі
Темірші ауылдық округі	433	351	Аубакирова А.А.	23	6,61	3	0	Сембаев Сайран Алматылы, 1994 ж.т., білімі жоғары, «Темірші ауылдық округінің әкімі аппарата» ММ-ің бас маманы, «AMANAT» партиясынан ұсынылды
			Оразбаев Е.С.	27	7,76			
			Сембаев С.А.	298	85,63			

Қарқаралы ауданының аумақтық сайлау комиссиясы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 24 мамырда өткен сайлауда сайланған Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Темірші

ауылдық округінің әкімін тіркеу туралы хабарламасы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-11 бабына сәйкес, Қарқаралы аудандық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 25

мамырдағы №46 шешімінің негізінде – Қарқаралы ауданы Темірші ауылдық округінің әкімі ретінде 1994 ж. туған, «Қарқаралы ауданы Темірші ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-ің бас маманы, Қарқаралы ауданы, Татан ауылының тұрғыны Сембаев Сайран Алматылы тіркелді.

Құттықтаймыз!

Қарқаралы қаласының тұрғыны, ардақты әкеміз, атамыз, біздің әулетіміздің асыл қазынасы **Төлеутай НҰРҒАЛИ-ҰЛЫ** 29 мамырда өзінің 90 жасқа толған мерейтойын атап өтеді.



Төлеутай атамыз – еңбекпен шындықты биік ұстайтын асыл адам. Оның әр сөзі даналыққа, әр ісі өнеге мен парасатқа толы. 90 жылдық ғұмырында Төлеутай атамыз отбасын амандыққа, ынтымаққа бөлеп, әрбір баласы мен немерелері мен шөберелеріне сүйіспеншілік пен қамқорлықтың үлгісін көрсетті.

Ол тек ата емес, ақылшы, дос, отбасының тірегі. Көктемдей шуақты, жаздай жайнаған көңілімен, мейірімді жүрегімен әрбір кездесуінде балаларын, немерелері мен шөберелерін шаттыққа бөлейді, өмірдің әр сәтін нұрға толтырады. Оның өмірлік ұстанымы – адалдық, еңбекқорлық, адамгершілік және жан-жақты қайырымдылық.

Біз бүгін осы мерейлі күнде әкемізді, атамызды құттықтап, оған деген шексіз махаббатымызды, ризашылығымызды білдіреміз.

Қадірлі атамыз! Біз сізге шын жүректен мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, көңілдің тыныштығын тілейміз. Сіздің өмір жолыңыз бізге әрдайым бағыт беріп, өмірдің мәнін түсінуге септігін тигізді.

Сізге әрбір жаңа күн қуаныш әкелсін, әрбір таң нұрлы, әрбір кеш тыныштыққа толы болсын. Ұрпақтарыңыздың ортасында бейбіт өмір сүріп, немере-шөберелеріңізден сүйіспеншілік пен қуаныш алыңыз.

Біздің жүрегімізде сіз – ұлы тұлға, ата-ана мен атаның символы, отбасылық бірліктің тірегі. Сіздің өмірлік үлгіңіз ұрпаққа өнеге, ал сүйіспеншілігіңіз – отбасының мәңгілік бақыты.

Ізгі тілек білдірушілер: **жұбайы Сапура, балалары, немере-шөберелері.**

Құттықтаймыз!

Ұлтымыздың жыл санау (мүшел) дәстүрі бойынша, биылғы Жылқы жылының мамыр айының 25 жұлдызында менің келінім **Әбілқайырқызы Камшат** зейнеткерлік жасқа аяқ басып отыр. Аталық, еңелік жүрегімізден бар жақсылықты өзіңе тілей отырып, құттықтаймыз!



Құтты болсын мына келген жасың, Жоғары өрлей берсін атқан тасың. Бұдан былай бар ғұмырың нұрға толып, Амандықта бола берсін жеке басың.

Бар тілегіңді бір Раббым бере берсін, Соңыңнан әжелеп ұрпағың ере берсін. Басқа амандық, денге саулық нәсіп етіп, Қызығын әжесінің олар көрсін!

Ізгі тілек білдірушілер: **Атаң Төкен, өнең Сапура. Бала-немерелерің: Аргын–Томирис, Айбын, Айшат, Асылым.**

Құттықтаймыз!

Томар ауылының тұрғыны, ардақты жар, аяулы ана, құрметті әріптесіміз, Қарқаралы қаласының балалар өнер мектебінің Томар ауылы филиалының вокал сыныбының мұғалімі **Дюсекова Сауле Құсайынқызының** 50 жасқа толуы мерейлі мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!



Сауле Құсайынқызы – өнер мен тәрбиені қатар алып жүретін, шәкірт жүрегіне жол таба білетін ардақты ұстаз. Сіз тек вокал өнерінің қыр-сырын үйретіп қана қоймай, талай шәкірттің сахнада жарқырауына себепкер болдыңыз. Сіздің кәсібилігіңіз, еңбегіңіз бен адамгершілік қасиеттеріңіз ұжым арасында әрдайым зор құрметке ие.

Елу жас – өмірдің ең бір кемелденген, тәжірибе мен даналық тоғысқан кезеңі. Осы мерейлі белесте Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық бақ-береке, шығармашылық табыс пен толағай жетістіктер тілейміз. Шәкірттеріңіздің ыстық ықыласы мен халықтың құрметіне бөлене беріңіз!

Ізгі тілекпен, **Қарқаралы қаласының балалар өнер мектебінің ұжымы**

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құжаттар жоғалды деп танылсын
Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Ынталы ауылдық округі, Ынталы ауылы, Нұра көшесі 35 үй, 1 пәтер тұрғыны Балмағанбетов Тлеген Шайкеновичтің атына ресімделген келесі құжаттар жоғалғанына байланысты жарамсыз деп танылсын:

Жекешелендірілген құрылыс нысанын пайдалануға қабылдау туралы қабылдау комиссиясының актісі № 3654, 14.12.2006 ж.

Техникалық паспорт № 4346, 06.03.2007 ж.

Жер учаскесіне жеке меншік құқығы туралы акт № 2033 «Л», 07.03.2007 ж.

Жылжымайтын мүлікті жекешелендіруге байланысты комиссияның шешімі № 3654, 14.12.2006 ж.

Біздің электрондық поштамыз:

Karkaraly_TOO@mail.ru

Хабарландыру

Зергерлік дүкенге сатушы-кеңесші жүзет. Біз жауапты, сыпайы және белсенді қызметкер іздейміз. Тәжірибесі бар үміткерлерге артықшылық беріледі, бірақ тәжірибесіз кандидаттар да қарастырылады.

Біз ұсынамыз:
Тұрақты жалақы
Қолайлы жұмыс кестесі
Оқыту және кәсіби даму мүмкіндігі
Мекенжайы: Т.Әубәкіров көшесі 25. Байланыс телефоны: 8 708 754 61 59

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

1) Жобалардың атауы:

Қарағанды облысындағы Тоғай-1 кен орнында темір кенін өндіру бойынша тау-кен жұмыстары жоспарының экологиялық бөлімдері: ЭНЖ, ҚББ, ӨЭБ, ІХК.

2) Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бақты ауылы. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 49.330908 С.Е., 76.244141 Ш.Б.

Тоғай-1 учаскесінің географиялық координаттары:

49° 24' 32,01" С.Е. 76° 04' 20,01" Ш.Б.

49° 24' 32,01" С.Е. 76° 04' 02,01" Ш.Б.

49° 24' 43,90" С.Е. 76° 04' 02,01" Ш.Б.

4) 49° 24' 43,90" С.Е. 76° 04' 20,00" Ш.Б.

3) Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 10 шілде сағат 12.00-де мына мекенжай бойынша өтеді: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бақты а.о., Бақты а., Тәуелсіздік көшесі, 13 (а/о әкімдік ғимаратында).

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/77964548246?pwd=IsWfaLv4Rgjl9It7xIsQXdRK6i6qec.1>

Конференция идентификаторы: 779 6454 8246 Код доступа: 309316

4) Белгіленген қызметтің бастамашысы: «БАЗИС-ТАУ» ЖШС, БСН 241140024150, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., аудан. Қазыбек Би, механикалық көшесі, 1А құрылымы Тел. +7 (778) 775-68-88, эл.пошта: eurasian.land@mail.ru

5) Болуы мүмкін әсерлер туралы есептерді жасаушылардың немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын, тиімділікті арттыру бағдарламаларын, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеушілердің деректемелері және байланыс деректері: «Т.М.Тлеубердинов» ЖҚ, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., ат. 32-54, тел. +7 776 526 31 31.

6) Жоба материалдары мына сайтта орналастырылған: ndbecology.gov.kz және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>

7) Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Ержанов к-сі, 32-54, мекенжайы бойынша алуға болады, тел.+7 701 110 15 25.

8) Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: ndbecology.gov.kz және мына мекен-жайы бойынша:

1) 100000 Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20, Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, эл. мекен жайы: expertiza.upr_krg@mail.ru; т. 8(7212)568-166;

2) Қазақстан Республикасы, гр. Қарағанды, Ержанов к-сі, 32-54, Тел.+7 701 110 15 25.

Объявление о проведении общественных слушаний

1) Наименование проектов:

План горных работ по добыче железных руд на месторождении Тоғай-1 в Карагандинской области с экологическими разделами: ПНЭ, ПУО, ПЭК, ПМ.

2) Территория воздействия: Карагандинская область, Каркаралинский район, с.Бакты. Географические координаты территории воздействия: 49.330908 С.Ш., 76.244141 В.Д.

Географические координаты участка Тоғай-1:

49° 24' 32,01" С.Ш. 76° 04' 20,01" В.Д.

49° 24' 32,01" С.Ш. 76° 04' 02,01" В.Д.

49° 24' 43,90" С.Ш. 76° 04' 02,01" В.Д.

4) 49° 24' 43,90" С.Ш.76° 04' 20,00" В.Д.

3) Общественные слушания состоятся: 10 июля 2026 г. в 12.00 часов по адресу: Карагандинская область, Каркаралинский район, Бактинский с.о., с.Бакты, улица Тауелсіздік, 13 (в здании акимата с/о).

Ссылка на онлайн подключение: <https://us04web.zoom.us/j/77964548246?pwd=IsWfaLv4Rgjl9It7xIsQXdRK6i6qec.1>

Идентификатор конференции: 779 6454 8246 Код доступа: 309316

4) Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «БАЗИС-ТАУ», БИН 241140024150, РК, Карагандинская область, г. Караганда, Район Им.Казыбек Би, улица Механическая, строение 1А Тел. +7 (778) 775-68-88, эл.почта: eurasian.land@mail.ru

5) реквизиты и контактные данные составителей отчетов о возможных воздействиях, или внешних привлеченных экспертов по подготовке отчетов по стратегической экологической оценке, или разработчиков документации объектов государственной экологической экспертизы, программ повышения эффективности, планов мероприятий по охране окружающей среды: ИП «Тлеубердинов Т.М.», Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Ержанова, 32-54. Тел. +7 776 526 31 31.

6) Материалы проекта размещены на сайте: ndbecology.gov.kz и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>

7) Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Ержанова, 32-54, Тел. +7 701 110 15 25.

8) Замечания и предложения принимаются: по ссылке ndbecology.gov.kz и по адресам:

1) 100000 г. Караганда, ул. Лободы, 20. Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области, эл. адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru; т. 8(7212)568-166;

2) Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Ержанова, 32-54, Тел. +7 701 110 15 25.

Азамат ШЫНЫБЕКОВ СЕРИК БЕНТБАЕВИЧ 29.11.2025 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М.Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

САТЫЛАДЫ

Қарқаралы қаласы, Т.Әубәкіров көшесі 117 үй, 4-пәтер сатылады. Екі бөлмелі пәтер. От жағылады. Су үйдің ішінде орналасқан. Жері үлкен, кең ауласы бар. Мал ұстауға ыңғайлы. Байланыс телефоны: 8 778 673 42 65

ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы ауданы, Қайнарбұлақ ауылдық округі, Алпаз ауылының тумасы, сүйікті ұл, ардақты аға, адал жар, асқар тау әке, қимас дос, асыл бауырымыз, ұзақ жылдар бойы ішкі істер саласында еңбек еткен ішкі істер қызметінің ардагері **Адамбек Манат Шөкенұлының** бұл дүниеден өткеніне бір жыл болса да, жүрегіміз әлі сенбейді.



Оның жарқын жүзі, мейірімді мінезі, адамға деген қамқорлығы әрдайым жүрегімізде сақталады. Отбасына тірек, туған-туысқа жанашыр бола білген асыл жанының орны біз үшін қашан да бөлек. Арамыздан ерте кеткенімен, оның жақсы істері мен артында қалған ізгі өнегесі ұмытылмайды.

Бауырымыздың жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын, жаны жәннатта, иманы жолдас болғай.

Өмірдің өткелі көп, белесі бар, Бәріне сабыр қылар көнесің жан. Сен кеткен соң бос қалды бір бұрышым, Жоқтаймын үнсіз сені келгенше таң.

Жақсылығың жадымызда мәңгі қалар, Ақ пейілің жүректерге нұр болып жанар. Адалдықтың ақ жолынан айнымайтын, Ізгі жолың ұрпаққа үлгі болар.

Күлімдеген көзің қалды көз алдымда, Мейірімің сезіледі әр сағымда. Сен жайлы сыр шерткенде толқимыз біз, Сағыныштың жасы тұрар жанарымда.

Тағдыр бізді айырды, амал қанша? Жүрек бірақ ұмытпайды сені мәңгі. Жатқан жерің жайлы болып, нұрға толсын, Қабіріңді қоршап тұрсын иман мәңгі.

Құрметті ағайын-туыс, құда-жөкжат, Манаттың дос-жандары, әріптестері, көршілері! Сіздерді ардақты азамат **Адамбек Манат Шөкенұлының** рухына бағышталған жылдық еске алу асына шақырамыз.

Ас 2026 жылғы 07 маусым күні сағат 13:00-де Қарқаралы қаласындағы «Сарыарқа» мейрамханасында өтеді.

Еске алушылар: ата-анасы Шөкен-Зайра, қыздары Аяулым мен Аружан, жұбайы Самал, аға-жеңге, апа-жезде, қарындас-күйеу балалары, бауырлары.

«Baiqymyz»

Қарқаралыда аймақаралық «BAIQYMYZ» гастрофестивалі өтеді
Жүлде қоры – 10 миллион теңге!

Биыл ҚАРАҒАНДЫ облысы әкімдігінің бастамасымен алғаш рет қазақтың асыл сусыны – қымызға арналған аймақаралық бапталған қымыз және ұлттық тағамдар гастрофестивалі – «BAIQYMYZ» ұйымдастырылады.



«BAIQYMYZ» гастрофестивалі ҚАРАҒАНДЫ облысы мен іргелес өңірлерден келген үздік қымыз өндірушілер мен жылқы шаруашылығының майталмандарын бір ортаға жинайды. Ауқымды шара тек ұлттық сусынды таныстырумен ғана шектелмей, қазақ халқының бай тарихын және қымыздың мәдени мұрадағы айрықша орнын кеңінен дәріптеуді мақсат етеді.

Қонақтар қазақтың ұлттық дәстүрлерімен танысып, түрлі жылқы тұқымдарын көріп, суретшілер мен қолөнер шеберлерінің туындыларын тамашалай алады. Сонымен қатар, облыстың әр аймағынан келген қымыз өндірушілер өз шеберліктерін көрсетіп, «ЕҢ ҮЗДІК ҚЫМЫЗ» атағы үшін сыңға түседі. Байқаудың жалпы жүлде қоры – 10 миллион теңге.

Бұдан бөлек, ҚАРАҒАНДЫ облысының тұрғындары мен қонақтары үшін қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерттік бағдарлама ұсынылады. Шараның басты мақсаты – қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрлерін сақтау және қымыздың пайдалы қасиеттерін кеңінен насихаттау. Сондай-ақ этнографияны дамыту, түркі халықтарының дәстүрлі өнерін жаңғырту, ұлттық ойындар мен ат-әбзелдерін дәріптеу көзделген.

«BAIQYMYZ» жобасы қымыздың денсаулыққа пайдасын көрсету, оның қазақ халқы үшін қонақжайлылықтың символы екенін айшықтау, сондай-ақ Қазақстандағы агротуризм мен жылқы шаруашылығының әлеуетін таныстыру мақсатында ұйымдастырылған.

ӨТЕТІН КҮНІ: 2026 жылғы 6 маусым; ӨТЕТІН ОРНЫ: «Qarqaly GO» жазғы лагері, Жаңаөңіз ауылының қарсы беткейінде; ӨТЕТІН УАҚЫТЫ: сағат 09:00.

Қосымша ақпарат алу үшін: Байланыс телефоны: +7 778 173 04 97 – Айдана (Астана қ.); E-mail: aidana.aidarova@inbox.ru.

Қарқаралы ауданы бойынша байланыс нөмірлері: +7 778 628 34 85 – Нариман Есов; +7 701 309 35 82 – Айдан Қасымов. Хабарласуыңызға болады.

Қарқаралы қаламгерлері

Мына «жалт-жұлт еткен кең мекенде» (Қасым Аманжолов) бар болғаны 39 жас ғұмыр көшкен журналист, ақын, КСРО Журналистер одағының мүшесі Хасен Рахымбеков 1936 жылы 30 маусымда Қарқаралы (бұрынғы Ку) ауданына қарасты Мәди ауылдық округінде (бұрынғы Арқалық ауылдық кеңесі) жарық дүние есігін ашқан екен.

Оның отбасы қай ауылды қоныстанғаны, ата-анасы нендей іспен айналысқаны, баласына қандай тәрбие бергені туралы мардымды деректер жоқ. Өндірістік өмірбаян беттерінен белгілісі: 18 жасында орта мектепті, одан соң Қазақтың әл-Фараби (бұрынғы С.М.Киров) атындағы Ұлттық университетін тәмамдап, 1960 жылдан Павлодар облысының Ақсу (бұрынғы Ермак) қалалық «Ильич жолы» – «Новый путь», Аққу (бұрынғы Лебяжі) аудандық «Ленин жолы», 1964-1965 жылдары Қарқаралы аудандық «Коммунизм туы» газеттерінің редакциясында, 1965-1967 жылдары Егіндібұлақ аудандық «Ленин туы», 1968-1969 жылдары Павлодар облыстық «Қызыл ту» газеттерінде, 1970 жылдан өмірінің соңына дейін қайтадан туып-өскен өңіріндегі «Ленин туы» басылымында тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болып қызмет атқарады.

Хасен 1975 жылы Егіндібұлақ ауылында қайтыс болды. Осы жолдардың авторы алғашқы шимайларын «Ленин туы» газетінің редакциясына апарып жүрген кездегі бұлыңғыр, жүдеу бейнесі ғана есте қалыпты. Сірә, бұл оның ауру меңдеткен, жүдеген сәті болса керек. Хасен Рахымбековтің газет бетінде нөмір аралатпай шығып жататын корреспондентиялары мен репортаждарын, очерктері мен суреттемелерін, ара-тұра жарық көретін өлеңдерін құныға қабылдаған қалың оқырманынан қазір қадау-қадау жан қалса, олардың да көпшілігі қаусап отыр.



Бұл – уақыт сыбағасы. Ең өкініштісі, қаламгердің миын солқылдатып туған шығармалардың идеясы уақыт, қоғам сұранысына сай, көркемдігі тәп-тәуір болғандығына қарамастан, тіршілігінде жеке кітап болып шықпақ түгілі ұжымдық жинақтарға да енген екен. Жалпы, провинциялық авторларға бұрын да, қазір де көңіл бөлінбей, Алматы мен Астананың ғана емес, өкімілік орталықтардың шығармашылық ұжымдары да өздерін өздері қызықтаумен келе жатқаны белгілі. Тіпті, хас талант демесек те, қабырғалы қаламгер Хасен Рахымбеков кезекті туындысы жарыққа шыққанына мән болып, кітап шығару, оны насихаттау сияқты жұмыстарды құнттамаған сияқты.

Хасен Рахымбековтің өлеңдері мен публицистикалық еңбектері өзі еңбек еткен мерзімдік басылымдардың сарғайған беттерінде сайрап жатыр. Тек жанашыр адам табылып, Ертіс бойы мен Қарқаралы – Ку өңірлерінің газеттерінде

10-15 жыл көлемінде басылған шығармаларын теріп алса, кітап дайын болмақ. Мысалы, Хасеннің төменде жарияланып отырған өлеңдерін біз Алматыдағы республикалық кітапханада сақталған бұрынғы Егіндібұлақ аудандық «Ленин туы» газетінің 1965-1967 жылдары жарыққа шыққан тігінділерінен жинап алдық. Өлеңдеріміздің қазіргі бітінінен қарағанда бұл туындылар оқырманға олқы көрінуі заңды. Бірақ, осыдан алпыс жыл бұрынғы қоғам да, оның құндылықтары да өзге болғанын көперден шығару – әбестікке жатады.

Туғанына биыл 90 жыл толатын, бақына көшкеніне жарты ғасырдан астам уақыт өткен талантты қаламгердің қолымызға түскен азын-аулақ мұрасын назарыңызға ұсындық, мәртебелі оқырман! Танысыңыз, талғамыңыз деңгейінен бағасын беріңіз.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

Хасен РАХЫМБЕКОВ

АДАМДАР БОЛСА, ШІРКІН,
БӘРІ ОСЫНДАЙ

Біреу бар миығынан күліп тұрар,
Біреу бар жанарымен сыр ұқтырар.
Біреу бар әр нәрсені оймен өлшеп,
Адамның білмегенін біліп тұрар.

Біреу бар тілмен шымшып, қыр көрсетер,
Біреу бар аусарлықпен құр дүрс етер.
Біреу бар көп ішінде сөз сөйлесе,
Алдына бір жан салмай үрдіс кетер.

Біреу бар ардан бірақ аттап өтер,
Біреу бар әркімдерді даттап өтер.
Біреу бар «құдайына» басын иіп,
Өлгенше «құран сөзін» жаттап өтер.

Біреу бар сырты жылтыр, іші пасық,
Біреу бар «шыныға» үйір, ішуге асық.
Біреу бар күрессе егер мұрттай ұшар,
Кеткенде тым орынсыз «күші тасып».

Біреу бар алдағанға нанып қалар,
Біреу бар берген сөзден танып қалар.
Біреу бар әрқашан да ел сүйсінер,
Еңбегі іс үстінде анықталар.

Біреу бар дүние-мүлік жиып өтер,
Біреу бар сөз сөйлетпей кініп өтер.
Біреу бар көрсеқызар, тым қызыққш,
Өмірде көп бикешті сүйіп өтер.

Біреу бар барды «жоқ» деп қиналатын,
Біреу бар өтірікке иланатын.
Біреу бар тірлігінде сөзге ілікпей,
Сақтайтын жастайынан инабатын.

Біреу бар аңсайтуғын білім шыңын,
Біреу бар қанша айтсаң да сөзің шығын.
Біреу бар шенге үйір, даңққұмар,
Атақсыз өмір сүру – өзінше мін.

Біреу бар кімге болсын жанашырдай,
Біреу бар әркімге өз баласындай.

Біреу бар жарқын көңіл, кішіпейіл,
Адамдар болса, шіркін, бәрі осындай!

СӨЙЛЕСУДІҢ САН АЛУАН
СЫРЫ БАР

Сөйлесудің толып жатқан сыры бар,
Сөлке мені, інім, мұны біліп ал.
Аңдамай бір адам ағат сөйлесе,
Ұялар да, сөзден өзі жығылар.

Сөйлесудің түрлі-түрлі жолы бар,
Қиыстыра білсең, адам жөн ұғар.
Бөлектенбе, достарыңмен бірге бол,
Сөңда ғана жан дүниең мольғар.

Сөйлесудің сан алуан сыры бар,
Мұны, інішек, осы бастан біліп ал.
Үндемей-ақ санаңа тек құя бер,
Жақсы жандар сөйлесе егер тілі бал.

ӘЙТЕУІР БІРІ ТЫМ ИСТЫҚ
Жанарын еппен аударып,

Ескерілмей қалған ердің бірі

Қос құрбы кетіп барады.
Көңілім менің ауды анық,
Көңілде не сыр бар әлі?

Жүп жазбай жүрген шақта бір,
Егіз бе деп те қаласың.
Көркі де нұрлы көктемдей,
Неткен бұл ғажап жарасым!

Кездескен сайын жүрегім
Толқындай тулап жөнелер.
Дидарласудың бір ебін
Таба алсам, шіркін, мен егер...

Қайсысы ерек көрінер,
Дей алман әлі ұғыстық.
Қос құрбы кетіп барады,
Әйтеуір бірі тым ыстық!

МЫСЫН ЕМЕС,
ҚҰЯМ ЖЫРДЫҢ АЛТЫНЫН

Қызық маған бір күнімнен бір күнім,
Түнге қарай ілінбейді кірпігім.
Жүрегімді жалын сабыт билесе,
Жетегінде кетем шабыт ырқының.

Өтсе дәйім дәл осылай әр күнім,
Аяп мені, демедерші: «Ал тыным!»
Шабыт келсе, құрыштай ғып тозбайтын,
Мысын емес, құямыз алтынын.
(«Ленин туы», №12, 26 август 1965)

АҢШЫ

Қысы-жазы мекен еткен аңғарды,
Аулымызда бір қадірмен шал бар-ды.
Тау ішіне құрып тастап қақпанын,
Шіркін, баудай түсіруші ед аңғарды.

Қашан болсын енжарлыққа төзбеген,
Мінез-құлқы ерек еді-ау өзгеден.
Қанша уақыт тау аралап жүрсе де,
Шаршағанын жаны есте сөзбеген.

Жас ұлғайды: дені мықты, әлі нық,
Көрген емес көрілікке бағынып.
Аңғартады оның ойлы пішіні
Отырғанын аңшылықты сағынып.

(«Ленин туы», №95 (2689),
30 сентябрь 1966)

Едірейдің құлатқанын қанша ағын...
Өзі де әлі білген емес дәл санын.
Сол бір жаннан сыр тартқыңыз келсе егер,
Сезер едің нені қарттың аңсарын!

(«Ленин туы», №15, 4 сентябрь 1965)

АҢШЫ

Уа, ағасы, емес тегі таң қашық,
Ұйқыңды аш, серпіл-дағы аңға шық.
Жайлаудағы қой шетінде бір көкжал
Жүрген болар күзетшімен арбасып.

Бәлкім келер сізден оның ажалы,
Демейміз ғой аулағаның аз әлі...
Күз болса-ақ мазалаған мал-жанды,
Қанды ауызға берші өзің жазаны.

Апыл-ғұпыл киінді де сал аға,
Жолазақы ап шықты асыға далаға.
Таң бозынан атқа мініп жөнелді,
Сездірместен зайыбы мен балаға.

Кетті аңшы ауылдан да ұзап тым,
Жиіанкездей дала кезді ұзақ күн.
Мүмкін атып алған болар біразын
Сарыала қаз, дуадақ пен ұзақтың.

Күн де батты, аңшы аға жоқ әлі,
Осындайда көңілге уайым толады.
Қайта-қайта тысқа шығып зайыбы,
«Қайда жүр?» деп іштей ыза болады.

Көп күтумен өтті түннің біразы,
Аңшы әлі жоқ, зайыбы оған наразы.
Шам сөндіріп жатып қалды жеңгеміз,
Одан басқа қалмаған-ды лазы.

Шаршап келіп түскен үйге жолдағы,
Ұйқылы-ою жатыр қонақ ол-дағы.
Олжасынан бөлесің, деп омыс:
«Құтты қонақ атансам тек болғаны».

Түннің баяу салқын лебі еседі,
Түн сияқты дәл аумаған кешегі.
Өз отбасы әбігерге түседі –
«Енді-енді келіп қалар» деседі.

Баяу ғанқалықтайды ай көкте,
(Сездіргендей бір елесті өйнек те)
Аздан кейін сырттан тықыр таянып,
Қалды естіліп деген дыбыс «өй!» деп те.

– Аяқ басқан екпінді ғой қарқының,
Есенбісің, табыс көп пе жарқының?! –
Тілге келіп өзін айтып жеңгей де.
– Аң аулаумен өтті-ау сенің бар күнің.

– Олай десең, шыдаушы едім ақ таңға,
Сынамассың бұл ұрды деп мақтанға.
Екі көкжал соғып алдым, мінекей,
Бірі оның түсіпті өзі қақпаңға.

Тілекшінің келді айтқан болжамы,
Шат көңілмен оралды аңшы олжалы.
Атып алған құстары да көп екен
Мергендікпен аңшы ағаның сол жолы.

Болсын меілі, сапар ұзақ, жол қашық,
Аңшы дәйім саятқұмар, аңға асық.
Шала ұйқы боп шаршаса да тынбайды,
Күндері өтер дәл осылай жалғасып.

(«Ленин туы», №95 (2689),
30 сентябрь 1966)

Жыл келді жадыратып көп көңілді
Дәурдің аттап өтер бір белесі,
Кім мұны есте қалар жыл демесін.
Ой – теңіз, оның аппақ айдынында
Жүздіріп көрейінші жыр кемесін.

Жыл ғой бұл жыр тізгінін ағыт деген,
«Жырла!» деп жар салады ол
шабытпенен.
Мен-дағы жетемін деп арманым
Жұлдыздай өрге қарай ағып келем.

Қоятын кей сәттерде жыр аңдытып,
Өр шабыт – бейне ол бір қыран бүркіт.
Шумақтар шеру тартса керуендей,
Тал бойдан кете барар қиял да үркіт.

Шашудай себелетіп көктен нұрды,
Жыл келді жадыратып көп көңілді.
Сүйікті партияның бастауымен
Міндеттер сан алуан өткерілді.

Осынау зеңгір аспан, мөлдір аспан,
Өлемге сәуле шашып, сән, нұр ашқан.
Елімің тыныштығын әлдилей бер,
Айырмай әрқашанда кең құлаштан.
(«Ленин туы», №1 (2724),
1 январь 1967)

Туған жерге тағзым

Теректі түлектерінен туған ауылға тағылымды тарту

Перзенттік парызды биік ұстанған қасиетті Теректі жеріндегі №30 жалпы білім беретін мектептің 2006 жылғы түлектері мектеп бітіргендеріне 20 жыл толуына орай туған ауылына ерекше тарту жасады. Бұл игі бастама – туған жерге деген шынайы сүйіспеншілік пен азаматтық жауапкершіліктің жарқын үлгісі.

23 мамыр күні түлектер ауылға кіреберіс тұсқа сәнді арка орнатып, оны ел игілігіне ұсынды. Бұл нысан енді тек сәулеттік әсемдік қана емес, туған жердің қадір-қасиетін ұлықтайтын, ауылға келген әрбір жанды жылы қарсы алатын рухани белгіге айналмақ.

Салтанатты шараға кіндік қаны Шарықты өлкесінде тамған, Теректі топырағында өсіп-өніп, бүгінде елдің әр саласында еңбек етіп жүрген ауыл азаматтары, сондай-ақ алыс-жақыннан арнайы келген қонақтар қатысты. Жиын туған өлкені ұлықтаған,



елдік пен бірлікті дәріптеген тағылымды басқосу ретінде есте қалды.

Шара барысында Шығыс Сарыарқаның бауырындағы Шарықты өңірінің табиғаты

мен қасиеті кеңінен насихатталды. Дауылпаз ақын Қасым Аманжол жырлағандай, бұл аймақ – Арқаның алтын аймағы. Табиғаты көркем, аң-құсы мол, кең даласы мен шежірелі тарихы тұнған қасиетті мекен әрбір перзенттің жүрегінде ерекше орын алады.

Іс-шара Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталып, алғашқы құттықтау сөз Шарықты ауылдық округінің әкімі Ербұлан Жаманға берілді. Ол түлектердің бұл бастамасын жоғары бағалап, туған жерге деген осындай жанашырлық үлгілері ауылдың көркеюіне қосылған зор үлес екенін атап өтіп, ұйымдастырушыларға алғыс хаттар табыс етті.

Тағылымды жиында мектеп директоры Гүлмира Сөйтқазықызы сөз сөйлеп, түлектердің елге деген құрметін ерекше атап өтті. Сондай-ақ ардагер ұстаздар Қуантай мен Армия ағалар жас түлектерге ақ батасын беріп, елге қызмет етудің маңыздылығына тоқталды.

Ұйымдастырушылар атынан Эльдар Абдуллин: «Біздің сыныптастарымызбен

бірге жасаған еңселі аркамыз құтты болсын! Бұл – туған жерге деген ыстық ықыластан, перзенттік сүйіспеншіліктен туған игі іс.

Арқа ауылымыздың көркін арттырып, елге келген әрбір жолаушыға сәттілік, жолы болсын деген ізгі тілек сыйлайтын нышанға айналсын. Басталған әрбір игі ісімнің берекесі мен жалғасы болсын!» Сонымен қатар, сөз алған Арғын Берікұлы бұл игі істің түпкі мақсаты – туған ауылды ұлықтау, ескелең ұрпаққа өнеге көрсету екенін жеткізді.

Мұндай игі бастамалар – тек мерейтойлық тарту ғана емес, туған жерге деген перзенттік махаббаттың, елдік сана мен азаматтық жауапкершіліктің айқын көрінісі. Теректі түлектерінің бұл өнегелі ісі ауылдың келбетін көркейтпей қана қоймай, жас ұрпаққа туған жерді құрметтеудің жарқын үлгісін көрсетті. Туған жерге тағзым – ұрпақтар сабақтастығын жалғайтын мәңгілік құндылық екені тағы бір мәрте дәлелденді.

Меруерт БАЛКЕЕВА

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы»
ЖШС Директоры –
Бас редактор
Құрманғазы ӨТЕБАЙ

100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бөкейханов к., 40 үй
Бас редактор – 31-3-50 (факс)
Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23
Бухгалтерия – 31-4-56
E-mail: karkaraly_too@mail.ru
Біздің есепшотымыз:
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы,
ИИК KZ326010191000161842,
БИК HNBKZKX БИН 990940002210

Газет жергілікті «Қарқаралы» газеті редакциясы баспаханасында теріліп, беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Арқо» ЖШС (Сәтбаев к., 15) баспаханасында басылды.

Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Құрылтайшысы: Жұмаханова Г.С.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 01.09.2001, 2280-Г
Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 9 қаңтарында № KZ23VPY00109516 қайта есепке қою күәлігімен тіркелген.

Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 4 баспа табақ, Индекс 65626. Таралымы 2500. Тапсырыс 21